



ХҒТАР 06.73.75  
Ғылыми мақала

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2024-3-296-314>

## Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктердің проблемалық несиелері және оларды басқару әдістері

К.К. Рахимжанова\*<sup>1</sup>, С.Б. Мақыш<sup>2</sup>, Д.Д. Керимкулова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

<sup>2</sup> «Esil University» мекемесі, Астана, Қазақстан

(E-mail: \*[kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru](mailto:kalamkas.rakhimzhanova@mail.ru), [makysh.sb@yandex.ru](mailto:makysh.sb@yandex.ru), [dinara.kerimkulova@inbox.ru](mailto:dinara.kerimkulova@inbox.ru))

**Андатпа.** Банктің несие портфеліндегі проблемалық несиелердің өсуі банктің пайда табу және қазіргі жағдайда қарқынды даму қабілетіне елеулі әсер етеді. Банктердің алдында проблемалық несиелерді реттеу мен басқарудың қолданыстағы әдістерін қалыптастыру және жетілдіру міндеті тұр. Осы ғылыми басылымның авторлары зерттеудің мақсаты болып табылатын проблемалық несиелерді анықтаудың теориялық және практикалық тұжырымдамалық негіздерін зерттеді.

Авторлар ҚР екінші деңгейдегі банктердің 2020-2023 жылдардағы несие портфелінің сапасы мен құрылымына кешенді талдау жүргізген. Талдау барысында авторлар республиканың облыстары мен ірі қалаларына Қазақстанның банк секторының несиелері бойынша мерзімі өткен берешектер көлемі қарастырылады.

Сонымен қатар "Қазақстан Халық банкі" АҚ, "Kaspi Bank" АҚ, "First Heartland Jusan Bank" АҚ, "Bereke Bank" АҚ және "Еуразиялық банк" АҚ сияқты ең жоғары NPL көрсеткіші бар екінші деңгейдегі бес банк анықталды. Аталған банктердің 2020-2023 жылдардағы несие портфелі талданды, несиелер берілген несиелердің сапасына және оларды қайтармау ықтималдығына қарай үш топқа бөлінеді.

Талдау негізінде авторлар проблемалық несиелерден банк секторын сауықтыру бойынша ұсыныстар жасайды. Ұсыныстар отандық банктердің несиелік портфель сапасын талдау арқылы активтерінің сапасының жай-күйін жан-жақты бағалауға және қажетті шараларды уақтылы қабылдауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** несиелік портфель, проблемалық несиелер, қызмет көрсетілмейтін несиелер, қамтамасыз етілмеген несиелер, құнсызданған несиелер, мерзімі өткен берешектер.

## Кіріспе

Кез-келген мемлекеттің экономикалық тұрақты дамуының қамтамасыз етуде банк жүйесінің маңызы ерекше болаып табылады. Жеке және заңды тұлғалар үшін қаржылық қажеттіліктерге деген сұранысын қаржыландыруда банктік несиелеу ең танымал қаржы құралына жатады. Нарықтағы бос ақшалай қаражаттарды банктер тарта отырып, оларды қаржыландыруды қажет ететін экономиканың салаларына береді. Сонымен қатар жеке тұлғаларға да өздерінің тұтынушылық қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында береді. Банктердің орналастыралған қаражаттарының ішіндегі ең көп кіріс әкелетін активтеріне несиелер жатады. Сол себепті клиенттердің төлем қабілеті мен қаржы тұрақсыздығы жағдайында олар негізгі тәуекелдерін құрайды. Қазақстандық банктік тәжірибеде екінші деңгейдегі банктердің несиелік қызметін реттейтін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттарда несиелік портфель құрылымын, сапасын сипаттайтын көрсеткіштерге қойылатын шектеулер мен талаптар бар. Мұндағы ең негізгі көрсеткіш бұл несие портфелінің сапасы. Банктің қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығы да осы несие портфелінің сапасына байланысты болып келді. Несие беруді реттейтін нормативтік актілердің кемістігі банктердің несиелік портфелінің сапасыздығына жол беріп нәтижесінде мерзімі өткен бершек қарыздардың ұлғаюына әкеледі [1].

Мақаланың өзектілігі бұл ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфельдің сапасының нашарлығы, олардың өз кезегінде банкроттығына басты себеп болатындықтан да банктердің несиелік портфелінің құрылымындағы республиканың облыстары мен ірі қалаларына Қазақстанның банк секторының несиелері бойынша мерзімі өткен берешектері және 5 ірі банктердің тәжірибесінде проблемалық несиелерді анықтау үшін зерттеудің өзектілігі артады.

## Әдебиетке шолу

Қазіргі уақытта экономиканы несиелеудегі банктік сектордың рөлі күшейіп келе жатқанын түсіну мемлекеттің тұрақтылығы мен әл-ауқатының кілті болып табылады. Банктердің несиелік портфелінің сапалылығын қамтамасыз ету оны жетілдіру қажеттілігіне байланысты мәселелер зерттеу объектісі болып табылады. Мәселенің әртүрлі аспектілері отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды, бұл тақырыпты әзірлеу, зерттеу мақсатына жету үшін ғылыми-әдістемелік негіз болды.

Осы күнге дейін экономикалық әдебиеттерде несиелік портфель және проблемалық несиелерге қатысты бірдей көзқарастар берілмеген. Американдық ғалым-экономист Дж. Синки пікірінше, банкте проблемалық несиелердің пайда болуын болдырмау мүмкін емес. Оның көзқарасынша, проблемалық несиелер бұл қарыз алушылардың бір немесе одан да көп қарыздарын төлеу уақыт кешіктіруімен байланысты несиелер және оларды қамтамасыз ету құны төмендеген несиелерді білдіреді [2].

Банк ісі оқулықтарының авторлары О.И. Лаврушин мен Г.С. Сейткасымовтың "проблемалық несиелер" түсінігіне қатысты берген анықтамалары да ұқсайды, олардың

көзқарасынша проблемалық несиелер бұл күмәнді, мерзімі өткен және қайтарылмау ықтималдығы жоғары несиелер [3, 4].

Шетелдік тәжірибеде "проблемалық несие" ұғымымен "қызмет көрсетілмейтін несие" ұғымы өзара тығыз байланысты болып қарастырылады. Халықаралық валюта қорының қызмет көрсетілмейтін несиелермен жұмыс жөніндегі құжатында: проблемалық несиелер бұл несие ағымдағы шарттарда өтелмейтініне абсолютті сенімділігі бар активтерді білдіреді деп берілген [5].

Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитетінің құжатында проблемалық несиені бұл жұмыс істемейтін активті білдіреді, оның ішінде 90 күннен астам мерзімге кешіктірілген кез-келген несиені немесе лизингтік шартты сипаттайды. Олар бойынша несиелік тәуекел жоғары болғандықтан банктің пайыздық кірісті есептеуді тоқтатуы немесе оның азаюы туралы шешімі қабылданады [6].

### **Зерттеу әдістері**

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің несиелік портфельін сапасына зерттеу жүргізу барысында ҚР Ұлттық банкі және ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің есептік және статистикалық деректерін өңдеуде экономикалық-статистикалық талдау, синтездеу, графикалық талдау пайдаланылды. Экономикалық-статистикалық талдау көмегімен 2020-2023 жылдардағы Қазақстан банктік секторының несиелік портфель құрылымы талданып, несиелердің сапасына және оларды қайтармау ықтималдығына баға берілді. Синтез әдісі, проблемалық несиелерді басқару әдістері мен заңдылықтарын зерттеуге мүмкіндік берді. Графикалық талдау арқылы 2020-2023 жылдардағы несиелік портфель құрылымы мен сапасына қатысты динамикалық үрдістер график немесе диаграмма түрінде берілді.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің несиелік қызметіне қатысты заңдар, нормативтер мен нұсқаулықтар, ҚР Ұлттық Банкінің, ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің жылдық есептері мен статистикалық мәліметтері пайдаланылды.

### **Нәтижелер/талқылаулар**

Соңғы кездері елімізде ҚР Үкіметі қаржылық жағдайы жоқ немесе өзінің берешегін өтеуде белгілі бір қиындықтарға ұшыраған қарыз алушыларды мемлекеттік қолдау шараларын кеңінен қолдануда. Осы бағытта 2021 жылғы 01 қазаннан бастап ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктер үшін қарыз алушы азаматтардың ағымдағы төлем қабілеттілігін негізге алып, несиелерді қайта құрылымдауға қатысты қаржылық жағдайы жоқ қарыз алушының өтінішін қайта қарау арқылы қарыз алушы жеке тұлғалардың мерзімі өткен қарыздарын реттеудің бірыңғай міндетті тәртібін енгізді [7].

Бекітілген тәртіпке сай қарыз алушы азаматтар банктік несие туралы келісім-шарты бойынша қарызды қайтаруға байланысты бекітілген кестедегі күннен бастап күнтізбелік 30 күн өтіп кеткен жағдайда несие беруші банкке барып, онда несие бойынша

міндеттемені орындау мерзімінің кешіктірілу себептері, отбасылық табысын көрсету арқылы өтініш беріп, оған қоса оның қаржылық жағдайының қиындығын растайтын құжаттарды тіркеу арқылы негіздей отырып, банкпен өзара жасалған қарыз туралы келісім-шарттың негізгі талаптарына қатысты тиісті өзгерістер жасауы қажеттігін хабарлайды. Несие беруші банк қарыз алушы азаматтың өтінішін қбылдаған күннен бастап, 15 күн ішінде қарыз туралы келісім-шарттың талаптарына қатысты ұсынылған өзгерістерді жазбаша нысанда не шартта көзделген тәсілмен келесідей қарайды:

- қарыз туралы келісім-шарт талаптарына қатысты ұсынылған өзгерістермен келісу;
- қарыз туралы келісім-шарт өзгерту жөніндегі өз ұсыныстарын беру;
- қарыз туралы келісім-шарт талаптарына қатысты қарыз алушының өзгерістер енгізуі туралы берген ұсыныстарынан бас тарту [8].

Қазақстан тәжірибесінде банктердің проблемалық несиелердің болдырмау әдістерінің біріне ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің клиенттерге несие беру алдында отандық Кредиттік бюродан ақпарат сұрауы да, сол арқылы қарыз алушы клиенттің несиелік қабілеттілігін алдын-ала бағалауы да маңызды болып табылады. Нәтижесінде ондай қарыз алушыға несие беру немесе бермеу туралы шешім шығарылады. Егер де қарыз алушының берген өтінішіне қатысты оң шешім қабылданса, банк пен клиент арасында өзара несие туралы келісім-шарт жасалады. Жасалған келісім-шартқа сәйкес қарыз алушы өзіне жүктелген міндеттемелерді орындамаған жағдайда несие беруші банк мынадай шаралар қолдануға мәжбүр болады:

- айыппұл немесе өсімпұл есептеп белгілеу;
- ҚР-ның тиісті заңнамасына сәйкес, қарыз алушының басқа да банктік шоттарындағы қаражатынан өндіріп алу;
- қарыз алушының қайтармаған қарызын сотқа дейінгі өндіріп алуға табыстау немесе коллекторлық компанияға беру;
- ҚР-ның тиісті заңнамасына сәйкес және банк пен қарыз алушы арасында жасалған келісім-шарт нормаларын сақтай отырып, құқықты (талапты) беру;
- "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" ҚР заңында немесе сот тәртібімен көзделген жағдайларды ескермегенде, банк пен қарыз алушы арасында жасалған келісім-шарт бойынша қайтарылмаған қарызды өндіріп алу туралы сотқа арыздану, сондай-ақ кепілге қойған мүлікті де соттан тыс тәртіппен өндіріп алу;
- Банктің басшылығымен бекітілген ішкі нормативтік құжатына сәйкес, қолданыстағы бар заңнамада және банк пен қарыз алушы арасында жасалған келісім-шартта көзделген басқа да шараларды қолдану [7].

Сонымен қатар банктер проблемалық несиелер көлемін азайту және сол арқылы несиелік тәуекел деңгейін төмендету үшін уақтылы несиелік портфельі сапысы мен құрылымына талдау жүргізіп отырулары қажет. Несиелік портфель сапасына қатысты орын алған проблемаларды айқындау және олардың салдарын уақтылы жою туралы шаралар қабылдау кез келген банкке тәуекел-менеджментінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік жасайды.

Банктердің проблемалық несиелерінің пайда болуының себептерін уақтылы анықтап олармен күресудің мақсаты олардың несиелік портфельінің тәуекелділігін басқаруды

көздейді. Несиелік портфель сапасын талдау үшін банктердің берілген және қолданыста жүрген несиелерінің көлемі мен сапасы, одан кейінен проблемалық несиелері, соның ішінде қайтару мерзімдері 90 күннен өткендері және қайтарылмаған несиелері бағаланады. Несиелік портфель сапасын сипаттайтын мәліметтер негізінде берілген несиелердің сомасы мен өтеу мерзімі бойынша проблемалық несиелер бойынша мерзімі өткен қарыздарды сипаттайтын арнайы кесте құру қажет болады.

Соның нәтижесінде несие беруші банк жинақталған ақпараттарға жасалған талдаулар негізінде проблемалық несиелерге қатысты нақты шешімдер қабылдайды. Ондай шешімдерге проблемалық несиелерді басқа банктерде немесе коллекторлық компанияларға қандай шарттармен сату немесе қайта қаржыландыру қажеттігі, сондай-ақ несиелік келісім-шарттарды өзгерту арқылы қандай несиелерді өздерінде қалдырулары туралы.

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің проблемалық несиелер көлемін анықтау үшін олардың 2020-2023 жылдар аралығындағы қалыптасқан несиелік портфелінің құрылымына талдау жасаймыз.

Кесте 1. ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктердің несиелері, млн. теңгемен [9]

	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	Өзгерістер	
					млн теңге	%
Барлық несиелері, оның ішінде	14 623 065	18 497 653	22 811 882	27 932 894	13 309 829	47,6
ұлттық валютада	12 726 647	16 588 156	20 960 772	25 779 419	13 052 772	50,6
шетел валютасында	1 896 418	1 909 497	1 851 110	2 153 475	257 057	11,9
қысқамерзімді	2 128 709	2 467 162	3 968 373	3 238 061	1 109 352	34,3
ұзақмерзімді	12 494 356	16 030 490	18 843 509	24 694 833	12 200 477	49,4
Заңды тұлғаларға	7 097 007	7 758 804	8 653 506	9 685 852	2 588 845	26,7
Жеке тұлғаларға	7 526 058	10 738 848	14 158 376	18 247 042	10 720 984	58,8

Ескерту: [9] деректері негізінде авторлар құрастырған

Жоғарыдағы кестеден 2020-2023 жылдар аралығында ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктері берген несиелердің өсуіндегі өзгерісі 47,6% немесе көлемі 13 309 829 млн теңгені құрағанын көреміз. Мұндағы басты өзгерістер яғни 2023 жылмен 2020 жылдың көрсеткіштерін өзара салыстырғанда ұлттық валютада берілген несиелерге қатысты байқалады, олардың үлесі 50,6% немесе көлемі 13 052 772 млн теңгені құрайды. Сондай-ақ шетел валютасында берілген несиелердің өзгерістері бойынша 11,9% - ға өсуі байқалады. Ал барлық берілген несиелердің 89%-ы ұзақ мерзімді несиелерге тиесілі, олардың өзгерісі 49,4% - құраған, бұл 12 200 477 млн теңгені құрайды.

Талданып отырған кезеңде қысқа мерзімге берілген несиелер 34,3%-ға немесе 1 109 352 млн теңгеге дейін өскен. Банктердің несиелік портфеліндегі несиелердің 2020-2023 жылдары арасындағы өзгерістер бойынша заңды тұлғаларға берілген несиелерге -

26,7% немесе 2 588 845 млн теңге және жеке тұлғаларға берілген несиелерге 58,8% немесе 10 720 984 млн теңге тиесілі.

Сонымен қатар ҚР екінші деңгейдегі банктерінің 2020-2023 жылдарға арналған несиелік портфелінің сапасын қарастырайық (2-кесте).

Банк саласындағы проблемалық мерзімі өткен несиелер NPL (non-performing loan) көрсеткішімен өлшенеді, ол тікелей мағынада "жұмыс істемейтін несиелер" деп аударылады. Халықаралық валюта қорының берген анықтамасына сәйкес, отандық банктер тәжірибесінде де жұмыс істемейтін несиелерге пайыздар мен негізгі борышты төлеу 90 күнге және одан да көп мерзімге кешіктірілген несиелер жатады.

Кесте 2. ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің несиелік портфелінің сапасы, млн.теңгемен [9]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Несиелік портфель	14623065	18497653	22811882	27932894	100,00	13309829	47,6
Мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар	13123323	17264425	21289736	26224716	94,0	13101393	50,0
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	239342	350846	483815	567485	2,0	328143	57,8
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	102928	70645	139716	143398	0,5	40470	28,2
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар	75736	82534	79968	88201	0,3	12465	14,1
Мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздар	1081736	729203	818647	909094	3,3	-172642	-19,0

Ескерту: [9] деректері негізінде авторлар құрастырған


2-кестеде жүргізілген ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің несиелік портфелінің сапасына талдау 2020 жылдан 2023 жылға дейінгі талданып отырған кезеңде сауықтыруды көрсетеді. Несиелік портфелінің 94%-ы мерзімі өткен берешегі жоқ қарыздар болып табылады, олардың өсімі соңғы 4 жылда 50% – құрады, олардың сомасы 2020 жылы 13 123 323 млн теңгені, ал 2023 жылы – 26 224 716 млн теңгені құрайды.

Проблемалық несиелерден несиелік портфелін сауықтырудың маңызды көрсеткіші мерзімі өткен берешегі 90 күннен асатын қарыздарды 2020-2023 жылдар кезеңінде

19%-ға қысқарту болып табылады, олардың үлес салмағы 3,3% - құрайды. Мәселен, 2020 жылы проблемалық несиелер 1 081 736 млн теңгені құрады, 2023 жылдың соңына қарай 172 642 млн теңгеге қысқарды және бүгінгі күні 909 094 млн теңгені құрайды. Бұл оң үрдіске 2017 жылы банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыруға бағытталған ҚР Ұлттық Банкі қабылдаған несиелік портфельді сауықтыру туралы бағдарламасы аясында 640 млрд теңгеден астам қаржы бөлініп, атқарылған шаралардан нәтижесінде қол жеткізілді [10].

Атқарылған шаралар нәтижесінде банктердің несиелік портфеліндегі 2% берешегі 1-ден 30 күнге дейін мерзімі өткен қарыздарға тиесілі болды. Қарыздардың осы түрлері бойынша 2020-2023 жылдар аралығында олардың өзгерісі 57,8%-ға өскен немесе теріс үрдісі байқалады. Несиелік портфеліндегі үлес салмағының 0,5% және 0,3% мерзімі өткен берешегі 31-ден 60 күнге дейін және 61-ден 90 күнге дейінгі қарыздарға тиесілі.

Талданып отырған кезеңде қарыздардың бұл түрлері де тиісінше 28,2% және 14,1%-ға өсті. 31.12.2023 жылға арналған өңірлік бөліністе Қазақстанның банк секторының несиелері бойынша мерзімі өткен берешекті қарастырайық (1-сурет).



Сурет 1. 31.12.2023 жылға арналған өңірлік бөліністе ҚР-ғы ЕДБ несиелері бойынша мерзімі өткен берешек (млн теңге)

Ескерту: деректер негізінде жасалған [9]

1-суретте ұсынылған деректер бойынша Қазақстанның екінші деңгейдегі банктерінің несиелері бойынша жалпы республикалық маңызы бар қалалар арасында ең көп мерзімі өткен берешек үлесі Алматы қаласына тиесілі – 39,9% және 284 996 млн теңгені құрайды. Бұдан әрі ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің барлық мерзімі өткен несиелерінің 15,8%-ы Астана қаласына тиесілі және оның көлемі 2023 жылы 112 644 млн теңгені құрады.

ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің проблемалық несиелері бойынша үлкен үштікке Шымкент қаласы кіріп отыр, оның үлесіне 6,1% немесе 43 562 млн теңге келеді. Ұлытау облысы бойынша банктердің қарыз алушыларының мерзімі өткен берешектерінің ең аз көлемі – 0,6% немесе 4 170 млн теңгеге тиесілі. Бұл әрине аталған облыстың жаңадан ашылуымен және ондағы банктер филиалдарының аздығымен байланысты сипатталуы мүмкін.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының банк секторына екінші деңгейдегі 21 банк кіреді. ҚР Ұлттық банкі 9-шы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына көшкеннен кейін, банктердің несиелік портфелінің сапасын бағалау барысында олардың несиелеріне қатысты келесідей 3-кезең тобына көшіру әдісін қолдануда [11]:

- 1-кезең – қайтару мерзімі кешіктірілмеген, несиелік тәуекелі төмен несиелер;
- 2-кезең – құнсызданбаған несиелер, бірақ несиелік тәуекелдің елеулі ұлғаюы байқалатын несиелер;
- 3-кезең – құнсызданған, яғни тәуекелді несиелер, оларды проблемалық несиелер тобына санайды. Несиені осы кезеңге қосу бұл несиенің 90 күннен асқан мерзімді құрайтынын және қарыз алушының қаржылық қиындықтарының болуын ескере отырып, осы несиелер бойынша қарыз сомасының толық көлемде қайтарылмайтынын сипаттайды.

ҚР Ұлттық банкі мен Бірінші кредиттік бюроның деректері бойынша мерзімі 90 күннен асатын NPL проблемалық несиелерінің ең көп көлемі бар банктерге мыналар жатады [12]:


- "Қазақстан Халық банкі" АҚ.
- "Kaspi Bank" АҚ.
- "Jusan Bank" АҚ.
- "Bereke Bank" АҚ.
- "Еуразиялық банк" АҚ.

31.12.2023 жылға берілген есептік мәліметтер бойынша проблемалық несиелері көбірек ҚР-ғы екінші деңгейдегі банктерінің несиелік портфелі сапасының серпіні 2-суретте көрсетілген.

2-суреттегі диаграммадан көріп отырғанымыздай екінші деңгейдегі банктердің несиелерінің көлемі жағынан 1-орында Қазақстан Халық банкі АҚ – 9774798 млн теңге, 2-орында Каспи банк АҚ – 4478460 млн теңге, 3-орында Евразия банк АҚ -153019 млн теңге, 4-орында Jusan банк АҚ - 1336108 млн теңге, бесінші орында Bereke банк АҚ – 1215990 млн теңге.

Осы аталған банктердің 1-кезең несиелері бойынша салыстырсақ та, 1-орында Қазақстан Халық банкі АҚ – 8992052 млн теңге, 2-орында Каспи банк АҚ – 4048449 млн теңге, 3-орында Евразия банк АҚ – 1312656 млн теңге, 3- орында Bereke банк АҚ - 1062775 млн теңге, 5-орында Jusan банк АҚ – 951198 млн теңге.





Сурет 2. 31.12.2023 жылға NPL көп көлемі бар банктердің несиелік портфелінің сапасының серпіні, млн теңгемен

Ескерту: [12] дерек көзі негізінде құрастырылған

Ал енді банктерді 3-кезең несиелері, яғни проблемалық несиелер бойынша салыстырсақ та, 1-орында Қазақстан Халық банкі АҚ – 700518 млн теңге, 2-орында Каспи банк АҚ – 363703 млн теңге, 3-орында Евразия банк АҚ – 155222 млн теңге, 4-орында Bereke банк АҚ – 118157 млн теңге, 5-орында Jusan банк АҚ – 76971млн теңге.

Осы сатыларды ескере отырып, аталған банктердің 2020-2023 жылдардағы несиелік портфельдеріндегі проблемалық несиелеріне талдау жүргіземіз.

"Қазақстан Халық банкі" АҚ несие нарығында белсенді ойыншы ретінде қызмет көрсетіп отырған ірі банк болып табылады. Себебі бұл банк қазақстандық "Қазкоммерцбанк" АҚ біріккен. Оның 2020-20203 жж несиелік портфелінің көлемі 3-кестемен берілген.

Кесте 3. "Қазақстан Халық банкі" АҚ несиелік портфелінің сапасы, млн.теңгемен [13]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Клиенттерге берілген несиелер, о.і.:	4824316	6250260	8280290	9774798	100	4950482	50,6
1-кезең	4015322	5469752	7549514	8992052	92,0	4976730	55,3
2-кезең	216589	245157	106694	51860	0,5	-164729	-317,6
3-кезең	533519	502058	586787	700518	7,2	166999	23,8
Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері (ПСКО)	58886	33293	37295	30368	0,3	-28518	-93,9
Күтілетін несиелік залалдар бойынша резерв	378041	-378032	-422388	-489926		-867967	177,2
Барлық ссудалар	4446275	5872228	7857902	9284872		4838597	52,1

Ескерту: [13] деректер негізінде авторлар құрастырған

Жоғарыдағы кестеден "Қазақстан Халық банкі" АҚ клиенттерге берілген несиелерінің көлемінің өзгерісі 2020 жылы 4 824 316 млн теңгемен салыстырғанда 50,6% немесе 4 950 482 млн теңгеге өсіп, 2023 жылы 9774798 млн теңгені құрады. Бұл тұста банктердің клиенттерге берген несиелер көлемінің өсуімен, оның тәуекелі де артады. Айталық 3-кезеңдегі проблемалық несиелері 4 жыл ішінде 23,8%-ға өсіп, 166 999 млн теңгені құрады.

"Қазақстан Халық банкі" АҚ несиелік портфеліндегі проблемалық несиелердің үлес салмағы 7,2% – құрайды. Бұдан әрі жалпы несиелік портфелінің 0,5%-ы 2-кезең несиелеріне тиесілі. 2020 жылы 216 589 млн теңге, ал 2023 жылдың соңында 51 860 млн теңге сомасына берілген 2-кезеңге жатқызылған несиелердің 164 729 млн теңгеге айтарлықтай қысқарғанын атап өту қажет. Банктің несиелік портфелінде сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтеріне (ПСКО) 0,3% келеді.

2020-2023 жылдар аралығында олардың сомасы 93,9%-ға дейін азайған, бұл өз кезегінде "Қазкоммерцбанк" АҚ-дан мұраға қалған проблемалық несиелерден несиелік портфелді тазарту туралы куәландырады. Сондай-ақ, бұл жағдайда Қазақстанның банк секторының қаржылық тұрақтылығын арттыру бағдарламасы шеңберінде қабылданған сауықтыру шаралары орын алады.

Кесте 4. "Kaspi Bank" АҚ несиелік портфелінің сапасы, млн.теңгемен [14]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Клиенттерге берілген несиелер, о.і.:	1553112	2593687	3387969	4478460	100	2925348	65,3
1- кезең	1403574	2428221	3077354	4048449	90,4	2644875	65,3
2- кезең	28644	29831	40934	55804	1,2	27160	48,7
3- кезең	120894	135635	264927	363703	8,1	242809	66,8
Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері (ПСКО)	-	-	4754	10504	0,2	10504	100,0
Күтілетін несиелік залалдар бойынша резерв	-122131	-214749	-142413	-242532		-120401	49,6
Барлық ссудалар	1430981	2451274	3240802	4235928		2804947	66,2

Ескерту: [14] деректер негізінде авторлар құрастырған

"Kaspi Bank" АҚ несиелік портфелі 2020-2023 жылдары 65,3% - ға өсті, осылайша 2020 жылы 1 553 112 млн теңге берілді, 2023 жылы – 4 478 460 млн теңге. Барлық несиелердің 90,4%-ы 1-кезең несиелеріне тиесілі, олардың өсуі 65,3% - дың жалпы портфелінің өсуімен ұқсас болып отыр. 2020 жылы берілген несиелердің 2-кезеңге жататын несиелері 28 644 млн теңгені құраса, ал 2023 жылы аталған несиелер көлемі 48,7% - ға өсіп, 55 804 млн теңгені құрайды.

Банктің несиелік портфелінің сапасы негізінен 3-кезең несиелерінің көлеміне тікелей байланысты десек, олардың үлес салмағы 2023 жылы 8,1%-ды құрады, оның несиелері 66,8% - ға өсті, бұл "Kaspi Bank" АҚ қызметіне теріс әсер етеді. Егер 2020 жылы 120 894 млн теңге сомаға проблемалық несиелері болса, онда талданып отырған кезеңде 2023 жылдың соңына қарай 363 703 млн теңгеге дейін өсті. Сонымен қатар банктің алғаш рет сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері 2022 жылы 4 754 млн теңгені құраса, ал олардың сомасы 2023 жылдың соңына қарай екі еседен асып 10504 млн теңгеге жетті.

2020-2023 жылдары "Jusan Bank" АҚ клиенттерге берген несиелері 698 038 млн теңгеге немесе 52,2% - ға өскен (5-кесте). Мұндағы 1-кезең несиелерінің көлемі жалпы клиенттерге берілген көлемінің 71,2%-ы құраған. Олардың көлемі 2020 жыл 90 386 млн теңгені құраса, ал 2023 жылы 951 198 млн теңгеге дейін артқан.

Кесте 5. " Jusan Bank" АҚ несиелік портфелінің сапасы, млн.теңгемен [15]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Клиенттерге берілген несиелер, о.і.:	638070	957843	1228708	1336108	100	698038	52,2
1-кезең	90386	573605	779304	951198	71,2	860812	90,5
2-кезең	16516	38027	22587	21352	1,6	4836	22,6
3-кезең	258517	63728	66653	76971	5,8	-181546	-235,9
Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері (ПСКО)	272651	282483	360164	286587	21,4	13936	4,9
Күтілетін несиелік залалдар бойынша резерв	-419014	-244655	-316462	-280911		138103	-49,2
Барлық несиелер	219056	713188	912246	1055197		836141	79,2

Ескерту: [15] деректер негізінде авторлар құрастырған

2019 жылы банк клиенттерге берілген белгілі бір несиелерді сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері құрамына қайта жіктеді. 2023 жылғы көрсеткіш бойынша сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері - 21,4% құрайды.

Банктің несиелік портфелінің сапасы 3-кезең несиелерінің көлеміне тікелей байланысты болатынын ескерсек, 2020 жылы банктің 3-кезеңдегі проблемалық несиелері 258517 млн теңге көлемінде болса, 2023 жылдың соңына қарай оның көлемі күрт өзгеріп, яғни 76971 млн теңгеге дейін қысқарған. Бұл аталған банктің сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері құрамына қайта жіктеуімен тікелей байланысты болып отыр.

"Bereke Bank" АҚ бұл бұрынғы "Сбербанк" АҚ ЕБ ресми түрде 2022 жылғы 13 қыркүйекте өзгертілген болатын. Аталған банктің несиелік портфельдің 2022-2023 жылдар күрт қысқарғанын байқауға болады (6-кесте).

Кесте 6. "Bereke Bank" АҚ несиелік портфелінің сапасы, млн. теңгемен [16]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Клиенттерге берілген несиелер, о.і.:	1724434	2305359	1175470	1215990	100	-508444	-41,8
1-кезең	1501762	2104730	950400	1062775	87,4	-438987	-41,3
2-кезең	55330	50069	35562	33251	2,7	-22079	-66,4
3-кезең	163411	144813	182561	118157	9,7	-45254	-38,3

Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері (ПСКО)	3931	5747	6947	1491	0,1	-2440	-163,6
Күтілетін несиелік залалдар бойынша резерв	-174714	-179464	-170182	-146167		28547	-19,5
Барлық ссудалар	1549720	2125895	1005288	1069823		-479897	-44,9

Ескерту: [16] деректер негізінде авторлар құрастырған

2022 жылға дейін "Қазақстан Халық банкі" АҚ және "Сбербанк" АҚ ЕБ өзара келісімге қол қойып, соның негізінде цессия шарты бойынша "Қазақстан Халық банкі" АҚ аталған банктің несиелік портфелінің жеке тұлғаларға берген несиелерінің едәуір бөлігін, соның ішінде жеңілдікті несиелеу бағдарламасы бойынша берген несиелерді, кепілсіз берілген несиелерді, шұғыл қажеттіліктерге арналған несиелерді және 330 млрд теңгеге ипотекалық несиелерін сатып алады [17].

Нәтижесінде "Береке Банк" АҚ несиелік портфелі 41,8% қысқарды. 2020 жылы 1 724 434 млн теңге сомасына несиелер берілсе, 2023 жылдың соңында 1 215 990 млн теңгеге дейін азаюы бұған дәлел. Банк берген несиелердің 87,4% - ы 1-кезеңге және 2,7%-ы 2-кезеңге жатады. Осындай жасалған қабылданған шаралардың нәтижесінде "Береке Банк" АҚ жалпы несие портфелінің проблемалық несиелерге тиесілі үлесі 9,7%-ы тұрады, олар талданып отырған кезеңде 38,3%-ға айтарлықтай қысқарды және бұл оң көрсеткіш болып табылады.

Кесте 7. "Еуразиялық банк" АҚ несиелік портфелінің сапасы, млн.теңгемен[18]

	2020	2021	2022	2023	Үлесі, %	Өзгеріс	
							%
Клиенттерге берілген несиелер, о.і.:	685345	796639	1239093	1530139	100	844794	55,2
1-кезең	439592	601396	1020545	1312656	85,8	873064	66,5
2-кезең	50632	17277	63706	60827	4,0	10195	16,8
3-кезең	193773	175288	152020	155222	10,1	-38551	-24,8
Сатып алынған немесе құрылған несиелік-құнсызданған қаржы активтері (ПСКО)	1348	2678	2822	1434	0,1	86	6,0
Күтілетін несиелік залалдар бойынша резерв	-127521	-161301	-179836	-170975		-43454	25,4

Барлық ссудалар	557824	635338	1059257	1359163		801339	59,0
-----------------	--------	--------	---------	---------	--	--------	------

Ескерту: [18] деректер негізінде авторлар құрастырған

"Еуразиялық банк" АҚ-ның несиелік портфелі 2023 жылдың аяғында 1 530 139 млн теңгеге тең, бұл сома 685 345 млн теңгені құраған 2020 жылмен салыстырғанда 55,2%-ға артық. Талданатын кезеңде банктің несиелік портфелінің 24,8%-ға сауығыуы байқалады. Проблемалық несиелердің үлес салмағы 10,1% - құрайды, 2020 жылы олардың сомасы 193 773 млн теңгені құрады, ал 2023 жылдың соңына қарай 155 222 млн теңгеге дейін төмендеді, яғни қысқару көлемі 24,8% немесе 38 551 млн теңгені құрады.

Мұндағы банктің несиелік портфеліндегі 1-кезеңге жататын несиелер үлесі жоғары 85,8% ды құрайды және бұл да жақсы үрдісті сипаттайды.

Жалпы бұл жердегі талқылау нәтижесінде алған ғылыми жаңалығы ретінде біріншіден, ҚР екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелдерінің сапасының кешенді талдануы; екіншіден, NPL көп көлемі бар банктердің 3 кезеңді несиелерге бөлініп жіктелуі; үшіншіден отандық банктердің проблемалық несиелерді басқаруда қолдануға тиісті тиімді әдістерін жүйелеуді жатқызуға болады.

## Қорытынды

Қорыта келгенде отандық банктердің несиелік портфелдерінің сапасына жасалған талдаудан, олардың құрылымында проблемалық несиелердің болуын және олардың 2020-2023 жылдары 5,8-10,1%-ы аралығында нормаға сай өзгеріп отырғанын көреміз. Бұл көрсеткіш өз кезегінде аталған банктердің несиелік портфелдерінің сапасының жақсарып отырғандығын сипаттайды. Бұл жерде проблемалық несиелердің көлемінің азаюына мемлекет тарапынан жасалған қарыз алушы жеке тұлғалардың қайтарылмаған қарыздарын кешірумен байланысты шаралардың ықпал еткенін жоғарыда айтып кеттік. Әрине мұндай шаралар отандық банктердің несиелік портфелдерінің сапасын арттыруға жасалған уақытша шара деп қабылдауымыз керек.

Сондықтан да біздің ойымызша банктер өздерінің проблемалық несиелері портфелдерін барынша тиімді басқаруда мынадай әдістерді уақтылы қолданулары қажет [19]:

– біріншіден, проблемалық несиелерді қайта құрылымдау қажет. Бірақ та бұл шара банктің қарыз алушыларының қаржылық жағдайына байланысты ғана жасалғанымен, ондай несиелер проблемалық несиелер санатынан уақытша алынып тасталғанымен, несиелердің 3-кезең тобында қала береді;

– екіншіден, баланс үшін проблемалық несиелер бойынша туындаған берешекті есептен шығару;

– үшіншіден, проблемалық несиелерді төменгі пайызбен басқа банктерге сату арқылы қайта қаржыландыру;

– төртіншіден, банктердің несиелік портфелінің сапасына талдау жүргізуде проблемалық несиелердің орнына 3-кезеңді несиелер көрсеткішін пайдалану.

Ең соңғы көрсеткіш бұл проблемалық несиелердің құнсыздануын сипаттайды. Мұндай көрсеткішті қазақстандық банктер жариялауға мүдделі емес. Әрине ол дұрыс емес. Сол сияқты банктердің қарыз алушылардың өтініштерінің негізінде олардың қиын қаржылық жағдайы бар қарыз алушыға жеңілдік кезеңін беру келісім-шартты қайта қарап, өзгерту шаралары да 90 күннен асқан проблемалық несиелер көлемін азайтуға ықпал етеді. Үшінші және төртінші ұсыныстар бұл банктердің проблемалық несиелер бойынша туындайтын өздерінің шығындарын мойындап, оларды азайтуға көмектеседі.

Жоғарыда аталған шаралар арқылы проблемалық несиелердің көлемін азайтып, несиелік портфельдің сапасын арттыруға болады, дегенмен де отандық банктерге беретін қосымша кеңесіміз, бұл кепілсіз берілетін несиелерге шектеулер қойып, қарыз алушылардың несиелік қабілеттіне аса мән беретін болса, онда проблемалық несиелердің пайда болу себептерінің алдын алуға болады.

Ризашылық, мүдделер қақтығысы жоқ.

### **Авторлардың қосқан үлесі.**

Мақаланы жазуда әрбір автор өзінің үлесін қосты. Авторлар **Рахимжанова К.К.** мен **Керимкулова Д.Д.** әдебиеттерге шолу жасап, мақаланың мәтінін жазуға, зерттеудің нәтижелерін жинап, оларды талқылауға, сондай-ақ проблемалық несиелер бойынша барлық статистикалық деректердің шынайылығына, дұрыстығына немесе мақаланың барлық бөліктерінің тұтастығына байланысты дұрыс зерттелуіне және проблемалық сұрақтарға қатысты оң шешімдер қабылдауға өздерінің үлесін қосты. Автор **Мақыш С.Б.** тақырыпқа қатысты жұмыстың тұжырымдамасын жасауға, мақаланың рәсімделу дизайнына, мақаланың мазмұнына байланысты сыни көзқарас тұрғысынан қайта қарауға, жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекітуге, мақалаға жалпы жетекшілік жасаушы ретінде оның барлық аспектілері үшін жауапты болуға келісім береді.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Мусина А.А., Керимкулова Д.Д. Loan portfolio – an indicator of financial stability of the banking sector // Вестник КазУЭФМТ №4. -2019. - С.193-198
2. Синки Дж. Ф., мл. Финансовый менеджмент в коммерческом банке и в индустрии финансовых услуг / Дж. Ф. Синки, мл., пер. с англ. А.И. Левинзок. – М.: Альпина Паблишер, 2017. – 1018 с.
3. Роль кредита и модернизация деятельности банков в сфере кредитования: учебное пособие / коллектив авторов; под ред. О.И. Лаврушина. – 2-е изд., стер. – М.: КНОРУС, 2017. – 272 с.
4. Сейткасимов Г.С. Банковское дело: Учебник. – Астана: КазЭУ, 2017. – 528 с.
5. Международный валютный фонд [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.imf.org/> (өтініш берген күні: 07.2024)
6. Базельский комитет по банковскому контролю [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.bis.org/bcbs/index.htm> (өтініш берген күні: 07.2024)
7. Закон Республики Казахстан от 31 августа 1995 года № 2444 «О банках и банковской деятельности в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на

01.07.2024 г.) [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002444\\_/z952444.htm](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002444_/z952444.htm) (өтініш берген күні: 07.2024)

8. Порядок передачи задолженности на досудебные взыскание и урегулирование или уступки права (требования) [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/457127?lang=ru> (өтініш берген күні: 07.2024)

9. Статистическая бюллетень Национального Банка Республики Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/statisticheskii-byulleten/rubrics/2205> (өтініш берген күні: 07.2024)

10. Программа повышения финансовой устойчивости банковского сектора Республики Казахстан от 30 июня 2017 года [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35619394](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35619394) (өтініш берген күні: 07.2024)

11. Международный стандарт финансовой отчетности (IFRS) 9 [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31026893](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31026893) (өтініш берген күні: 07.2024)

12. Первое кредитное бюро в Республике Казахстан [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.1cb.kz> (өтініш берген күні: 07.2024)

13. Финансовая отчетность АО «Народный банк Казахстана» за 2020-2023 годы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://halykbank.kz/about-bank/investoram> (өтініш берген күні: 07.2024)

14. Финансовая отчетность АО «Kaspi Bank» за 2020-2023 годы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/CSBN/#g3y2023> (өтініш берген күні: 07.2024)

15. Финансовая отчетность АО «Bereke Bank» за 2020-2023 годы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/BERK/> (өтініш берген күні: 07.2024)

16. Официальный сайт АО «Bereke Bank» [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: [https://sber.kz/press\\_center/all\\_release](https://sber.kz/press_center/all_release) (өтініш берген күні: 07.2024)

17. Финансовая отчетность АО «First Heartland Jusan Bank» за 2020-2023 годы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/TSBN/#g3y2024> (өтініш берген күні: 07.2024)

18. Финансовая отчетность АО «Евразийский банк» за 2020-2023 годы [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://eubank.kz/about/for-investors/> (өтініш берген күні: 07.2024)

19. Yu Song, Yuyan Wang, Xin Ye, Russell Zaretzki, Chuanren Liu. Loan default prediction using a credit rating-specific and multi-objective ensemble learning scheme//Information Sciences. - Volume 629. – 2023.- P. 599-617

**К.К.Рахимжанова\*<sup>1</sup>, С.Б. Макыш<sup>2</sup>, Д.Д. Керимкулова**

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

<sup>2</sup>Учреждение «Esil University», Астана, Казахстан

### **Проблемные кредиты банков второго уровня в Республики Казахстан и методы управления ими**

**Аннотация.** Рост проблемных кредитов в ссудном портфеле банка влечет за собой серьезные последствия для способности банка генерировать прибыль и динамично развиваться в современных условиях. Перед банками стоит задача формирования и усовершенствования существующих методов регулирования и управления проблемными кредитами. Авторами в



данной научной публикации были исследованы теоретические и практические концептуальные основы определения проблемных кредитов, что являлось целью исследования. Проведен экономико-статистический анализ ссудного портфеля банков второго уровня Республики Казахстан за 2020-2023 годы, его динамики и структуры. Авторами выявлены регионы страны по размерам просроченных кредитов за аналогичный период. Большое внимание исследователями уделено на анализ и оценку качества кредитного портфеля банковского сектора Казахстана, в ходе которого выявлены пять банков второго уровня с наибольшим показателем NPL, такие как АО «Народный банк Казахстана», АО «Kaspi Bank», АО «Jusan Bank», АО «Bereke Bank» и АО «Евразийский банк». Также проанализирован кредитный портфель вышеуказанных банков за 2020-2023 годы, ссуды ранжированы в три группы по состоянию качества выданных кредитов и вероятности их невозврата. На основе проведенного анализа авторами даны рекомендации по оздоровлению банковского сектора от проблемных кредитов. Качественно и достоверно проведенный анализ ссудного портфеля дает возможность адекватно оценить состояние качества активов и своевременно принять необходимые меры.

**Ключевые слова:** кредитный портфель, проблемные кредиты, необслуживаемые кредиты, необеспеченные кредиты, обесцененные кредиты, просроченная задолженность

**K.K. Rakhimzhanova<sup>\*1</sup>, S.B. Makysh<sup>2</sup>, D.D. Kerimkulova<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>*L.N. Gumilev Eurasian National University*

<sup>2</sup>*Esil University, Astana, Kazakhstan*

### **Problem loans of second-tier banks in the Republic of Kazakhstan and methods of their management**

**Annotation.** The growth of problem loans in the bank's loan portfolio entails serious consequences for the bank's ability to generate profit and develop dynamically in modern conditions. Banks are faced with the task of forming and improving existing methods of regulation and management of problem loans. In this scientific publication, the authors studied the theoretical and practical conceptual foundations for the definition of problem loans, which was the purpose of the study. An economic and statistical analysis of the loan portfolio of second-tier banks of the Republic of Kazakhstan for 2020-2023, its dynamics and structure was carried out. The authors identified the regions of the country by the amount of overdue loans for the same period. Much attention was paid to the analysis and assessment of the quality of the loan portfolio of the banking sector of Kazakhstan, during which five second-tier banks with the highest NPL were identified, such as «Halyk Bank of Kazakhstan» JSC, «Kaspi Bank» JSC, «Jusan Bank» JSC, «Bereke Bank» JSC and «Eurasian Bank» JSC. The loan portfolio of the above banks for 2020-2023 was also analyzed, loans were ranked in three groups according to the quality of loans issued and the likelihood of their non-repayment. Based on the analysis, the authors give recommendations for the recovery of the banking sector from problem loans. A high-quality and reliable analysis of the loan portfolio makes it possible to adequately assess the state of asset quality and take the necessary measures in a timely manner.

**Keywords:** loan portfolio, problem loans, non-performing loans, unsecured loans, impaired loans, overdue debts

## References

1. Musina A.A., Kerimkulova D.D. Loan portfolio – an indicator of financial stability of the banking sector // Vestnik KazUEFMT №4.-2019. - S.193-198
2. Sinki Dzh. F., ml. Finansovyy menedzhment v kommercheskom banke i v industrii finansovykh uslug [Financial management in a commercial bank and in the financial services industry] / Dzh. F. Sinki, ml., per. s angl. A.I. Levinzok. – M.: Al'pina Publisher, 2017. – 1018 s. [in Russian]
3. Rol' kredita i modernizaciya deyatel'nosti bankov v sfere kreditovaniya [The role of credit and modernization of banks' lending activities]: uchebnoe posobie / kollektiv avtorov; pod red. O.I. Lavrushina. – 2-e izd., ster. – M.: KNORUS, 2017. – 272 s. [in Russian]
4. Sejtkasimov G.S. Bankovskoe delo [Banking]: Uchebnik. – Astana: KazEU, 2017. – 528 s. [in Russian]
5. International Monetary Fund [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://www.imf.org/> (accessed: 07.2024)
6. Basel Committee on Banking Control [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://www.bis.org/bcbs/index.htm> (accessed: 07.2024)
7. Zakon Respubliki Kazahstan ot 31 avgusta 1995 goda № 2444 «O bankah i bankovskoj deyatel'nosti v Respublike Kazahstan» [Law of the Republic of Kazakhstan dated August 31, 1995 No. 2444 "On Banks and Banking activities in the Republic of Kazakhstan] (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 01.07.2024 g.) [Electronic resource]. – 2024. – URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002444\\_z952444.htm](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z950002444_z952444.htm) (accessed: 07.2024) [in Russian]
8. Poryadok peredachi zadolzhennosti na dosudebnye vzyskanie i uregulirovanie ili ustupki prava (trebovaniya) [The procedure for transferring debts for pre-trial recovery and settlement or assignment of rights (claims)] [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/ardfm/press/news/details/457127?lang=ru> (accessed: 07.2024) [in Russian]
9. Statistical Bulletin of the National Bank of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://nationalbank.kz/ru/news/statisticheskij-byulleten/rubrics/2205> (accessed: 07.2024)
10. Programma povysheniya finansovoj ustojchivosti bankovskogo sektora Respubliki Kazahstan ot 30 iyunya 2017 goda [Program for improving the financial stability of the banking sector of the Republic of Kazakhstan dated June 30, 2017] [Electronic resource]. – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=35619394](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35619394) (accessed: 07.2024) [in Russian]
11. International Financial Reporting Standard (IFRS) 9 [Electronic resource]. – 2024. – URL: [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31026893](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31026893) (accessed: 07.2024) [in Russian]
12. The First Credit Bureau in the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://www.1cb.kz> (accessed: 07.2024)
13. Financial statements of «Halyk Bank of Kazakhstan» JSC for 2020-2023 [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://halykbank.kz/about-bank/investoram> (accessed: 07.2024)
14. Financial statements of «Kaspi Bank» JSC for 2020-2023 [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/CSBN/#g3y2023> (accessed: 07.2024)
15. Financial statements of «Bereke Bank» JSC for 2020-2023 [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/BERK/> (accessed: 07.2024)
16. Official website of «Bereke Bank» JSC [Electronic resource]. – 2024. – URL: [https://sber.kz/press-center/all\\_release](https://sber.kz/press-center/all_release) (accessed: 07.2024)
17. Financial statements of «First Heartland Jusan Bank» JSC for 2020-2023 [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://kase.kz/ru/issuers/TSBN/#g3y2024> (accessed: 07.2024)

18. Financial statements of «Eurasian Bank» JSC for 2020-2023 [Electronic resource]. – 2024. – URL: <https://eubank.kz/about/for-investors/> (accessed: 07.2024)

19. Yu Song, Yuyan Wang, Xin Ye, Russell Zaretski, Chuanren Liu. Loan default prediction using a credit rating-specific and multi-objective ensemble learning scheme//Information Sciences. - Volume 629. – 2023.- P. 599-617

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Рахимжанова Каламкас Кадировна** – 6D050900 "Қаржы" мамандығы докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Сәтбаев көшесі 2а, Астана, Қазақстан

**Мақыш Серік Биханұлы** – э.ғ.д., профессор, Бірінші проректор – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, "Esil University" мекемесі, Жұбанов көшесі 7, Астана, Қазақстан

**Керімқұлова Динара Жамбылатқызы** – PhD, "Бизнес және басқару" факультеті деканының орынбасары, қаржы кафедрасының аға оқытушысы, "Esil University" мекемесі, Жұбанов көшесі 7, Астана, Қазақстан

**Рахимжанова Каламкас Кадировна** – докторант специальности 6D050900 "Финансы", Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, ул. Сатпаева 2а, Астана, Казахстан

**Мақыш Серік Биханович** – д.э.н., профессор, первый проректор-проректор по академическим вопросам, учреждение "Esil University", улица Жубанова 7, Астана, Казахстан

**Керімқұлова Динара Жамбылатовна** – PhD, заместитель декана факультета "Бизнес и управление", старший преподаватель кафедры финансов, учреждение "Esil University", улица Жубанова 7, Астана, Казахстан

**Rakhimzhanova Kalamkas** – doctoral student of the specialty 6D050900 "Finance". L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2a Satpayev Street, Astana, Kazakhstan

**Makysh Serik** – doctor of Economic Sciences, Professor, First Vice-Rector - Vice-Rector for Academic Affairs, Esil University, 7 Zhubanov St, Astana, Kazakhstan

**Kerimkulova Dinara** – PhD, Deputy Dean of the Faculty of Business and Management, Senior Lecturer of the Department of Finance, Esil University, 7 Zhubanov St, Astana, Kazakhstan



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).